

**Кулданова Наурыз Талгатовичтің 8D01402 -«Музыкалық білім»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім
бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбындағы
диссертациясына**

БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» атты диссертациясы - заман талабынан туындап отырған, қоғамдағы сұранысқа жауап беретін зерттеу жұмысы. Өзектілігін негіздей түсер болсақ, ҚР «Білім туралы» Заңы; ҚР «Ғылым туралы» Заңы; ҚР жоғары білім және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында және Президент Қ.К.Тоқаевтың Халыққа жыл сайынғы Жолдауларында да тұлғаның креативтілігі туралы мәселе баса айтылып жүр. Бұл тұрғыда диссертант ұсынып отырған зерттеу жұмысы өте өзекті деп саналады.

Диссертант Н.Т.Кулдановтың диссертациялық жұмысымен сайттағы ұсынылған нұсқасы бойынша терең таныса келе, зерттеу міндеттерін шешуде бірнеше жаңа ғылыми жаңалықтарға және нәтижелерге жеткендігі байқалады.

Ең алдымен, докторант Н.Т.Кулдановтың зерттеуде жеткен ғылыми нәтижелерінің маңыздысы, салааралық контексте креативтіліктің тұжырымдамалық негіздері мен феноменологиясын зерттеу болып отыр. Неге десейіз, креативтілік – бұл ұлы түсінік, түбі өте тереңде жатыр. Ендеше, салааралық контекстінде **философияда: болмыстың қиял арқылы дамуы, эстетикалық таным және өнер деп талдауы, мәдениеттануда: үдеріс сапасы, тұлғалық және қызметтік нәтиже деп саралап көрсетуі, нейробиологияда: ойлаудың конвергенттік, дивергенттік түрлерін сараптауы, психологияда: ерекше қиялдауға, шығармашылыққа, қабілеттілікке, дарындылыққа, өз кәсібінде таланттылыққа, тұжырымды ойлауға, жаңаға ашықтыққа мүмкіндік деп тануы және педагогикада: инновациялық әдістерді қолдану, білім беру ортасын түрлендіру, шығармашылықпен әрекет ұйымдастыру және педагогикалық, көркемдік міндеттерді шешу қабілеттерінің болуы** деп сипаттама беруі диссертанттың өте кең диапозондағы ізденушілігін көрсетеді. Нәтижесінде, өзіндік нақтылауын синергетикалық интеграциялау тұрғысынан ұсынуы қуантарлық жағдай. Бұл бірінші міндеті бойынша ғылыми нәтиже.

Келесі зерттеу міндетін жүзеге асыруда ұғымдық-категориялық аппаратын «әншілік креативтілік», және «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігі» және «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» түсініктерінің мазмұны мен құрылымын нақтылау жұмыстары жасалған. Олай дейтініміз, келесідей құрамдас бөліктерді, яғни *шығармашылық, қабілеттілік, ойлау, таным мен эмоция бірлігі, өзін-өзі жүзеге асыру,*

тұлғалық-жасампаздық, интеллектуалды қызметті негіздеп талдайды, оны үдерістік актілерге салып көрсетеді, бұл ретте диссертант «әншілік креативтілікті – көркемдік кешен», ал «болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін - жаңа өнімді ұсынуға негізделген құрылым», сондай-ақ, «вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытуды - кәсіби даярлықтың интегративті үдерісі» деп нақтылауы автордың зерттеушілік құзыреттілігінің жоғары екендігін білдіреді.

Үшінші міндетінде берген ғылыми нәтижесі: вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдіснамалық негіздерін **плюралистік, итеративті, трансцендентті және партисипативті тұғырлардың** қызметін дөп тауып, сипаттауында болып отыр. Түзілген әдіснамалық тұғырлар жаңа сипатты, ғылымға жаңа лепті алып келгендей деуге негіз бар.

Келесі ғылыми нәтиже бұл модельдеу әдісі арқылы беріледі. Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауда **тұлғалық-мотивациялық, көркемдік-когнитивтік, перцептивті-рефлексиялық және перформативті-праксиологиялық компоненттер** басшылыққа алынып, динамикалық сипаттағы компонент, өлшем, көрсеткіштері арқылы түсіндіріледі.

Ең бір маңызды әрі ірі зерттеу міндеттерінің бірі вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамытудың әдістемесін дайындап ұсынуы, көңілге қонымды, себебі «Вокал және әншілік креативтілік» элективті курсының модульдік бағдарламасын заманауи талаптарға сай ұсынуы, жүзеге асыруы, инновациялық тұрғыда ұйымдастыруы, автордың ұсынған әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда дәлелденуі мені қуантады.

Болашақта докторант Н.Т.Кулдановқа ғылымдағы үлесіне сенім арта отырып, вокалдық педагогикадағы креативтілікті нейродидактика тұрғысынан қарастырып, іргелі және қолданбалы еңбектер ұсынады деп ойлаймын.

Жалпы алғанда, докторант Н.Т.Кулдановтың ғылымға қосып отырған үлесімен бірге жеке-тұлғалық, кәсіби-тұлғалық сапаларын да айтуға болады. Ғылымға шын көңілмен ден қойғаны байқалып тұр. Мен, диссертант Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музыкалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» атты диссертациясын қолдаймын, сіздерді де қолдауға шақырамын.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Педагогика және психология факультеті

PhD., қауымдастырылған профессор **м.а. А.Т.Туралбаева**

